

"Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құнын айқындау туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 22 қазандағы N 974 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құнын айқындау туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасының Заңы

Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құнын айқындау туралы келісімді ратификациялау туралы

Мәскеуде 2008 жылғы 25 қаңтарда қол қойылған Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құнын айқындау туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құнын айқындау туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Үкіметтері, халықаралық саудадағы жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді басшылыққа

а л а о т ы р ы п ,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Тарап мемлекетінің кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құны осы мемлекеттің аумағынан әкету кезінде тиісті Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес айқындалады.

2. Осы Келісім Кеден одағының бірыңғай кеден тарифін қолдану, сондай-ақ кеден одағының тауар айналымын реттеу үшін енгізілетін (енгізілуі мүмкін) кедендік-тарифтік реттеуден бөлек өзге де шараларды қолдану мақсатында тауарлардың кедендік құнын айқындаудың бірыңғай ережелерін реттейді. Осы

Келісімнің ережелері, егер тауарлар кеден одағының бірыңғай кеден аумағына әкелу кезінде іс жүзінде кеден одағының кеден шекарасынан өткен және осындай тауарларға қатысты кеден шекарасынан өткеннен кейін бірінші рет кедендік режим мәлімделген жағдайда қолданылады. Өзге жағдайларда Осы Келісімнің ережелері, егер бұл тиісті Тарап мемлекетінің заңнамасында тікелей белгіленсе, қолданылуы мүмкін.

3. Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құны 1994 жылғы Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің (ТСБК 1994) кедендік мақсаттары үшін тауарларды бағалау жөніндегі қағидаттар мен ережелерді ескере отырып, осы Келісімге сәйкес айқындалады.

2-бап

1. Әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау негізі осы Келісімнің 4-бабында белгіленген мәнде осы тауарлармен мәміленің құны барынша мүмкін д е р е ж е д е б о л у ы қ а ж е т .

Әкелінетін тауарлардың кедендік құнын оның мәміле құны бойынша айқындау мүмкін болмайтын жағдайда, осы Келісімнің 6 немесе 7-баптарына жауап беретін әкелінетін тауарлардың кеден құнын айқындау үшін құндық негізді негізделген түрде таңдау мақсатында кеден органы мен тауарларды декларациялаушы тұлға арасында консультациялар жүргізілуі мүмкін. Консультациялар процесінде кеден органы мен тауарларды декларациялаушы тұлға тиісті Тарап мемлекетінің коммерциялық құпия туралы заңнамасы сақталу шарты кезінде оларда бар ақпаратпен алмаса алады.

Консультациялар тиісті Тарап мемлекетінің заңнамасында бекітілген тәртіппен ж ү р г і з і л е д і .

Осы Келісімнің 6 және 7-баптарына сәйкес әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау мүмкін болмайтын кезде осындай құнды айқындау үшін негіз ретінде әкелінетін, бірдей немесе біртектес тауарлар кеден одағының бірыңғай кеден аумағында сатылған баға (осы Келісімнің 8-бабы), не осы Келісімнің 9-бабына сәйкес айқындалатын тауарлардың есептік құны пайдаланылуы мүмкін. Тауарларды декларациялаушы тұлғаның әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау кезінде көрсетілген баптарды қолдану кезектілігін таңдау құқығы бар.

Егер әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау үшін көрсетілген баптардың біреуін де пайдалануға мүмкіндік болмаған жағдайда, тауарлардың кедендік құнын айқындау осы Келісімнің 10-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Заңдылықты, бірыңғайлықты және риясыздықты қамтамасыз ету мақсатында кеден мақсаттары үшін тауарларды бағалау жүйесі тауарлардың еркін немесе жалған кедендік құнын пайдалануға негізделмеу тиіс.

3. Тауарлардың кедендік құны және оны айқындауға жататын мәліметтер дұрыс, мөлшері айқындалатын және құжатпен расталған ақпаратқа негізделу тиіс. Тауарлардың кедендік құнын айқындау рәсімі жалпыға бірдей қолданатын, яғни тауарларды жеткізу көздеріне (шығарылған елі, тауарлардың түрі, мәмілеге

қатысушылар және басқалар) тәуелді ажыратылмауы қажет.

4. Тараптар әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау рәсімдерін демпингке қарсы шаралар ретінде пайдаланылмау тиіс.

5. Осы Келісімнің ережелері тиісті Тарап мемлекеті кеден органдарының осы мемлекеттің кеден заңнамасында көзделген тәртіппен тауарлардың кедендік құнын және онда қамтылған мәліметтердің дұрыстығын айқындау мақсатында тауарларды декларациялайтын тұлға ұсынған құжаттардың түпнұсқалылығын тексеру бойынша уәкілеттіктерін шектейтін ретінде қарастырылмайды.

3-бап

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін пайдаланылатын ұғымдар мынадай мәнге ие:

"әкелінетін тауарлар" - кеден одағының бірыңғай кеден аумағына әкелу мақсатында кеден одағының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар;

"өзара байланысты тұлғалар" - мынадай шарттардың ең болмағанда біреуіне сәйкес келетін тұлғалар:

а) бір-бірінің кәсіпорындарының қызметкерлері немесе директорлары (басшылары) болып табылады;

б) заңды түрде танылған әріптестер болып табылады, яғни шарттық қатынастармен байланысты болады, пайда табу мақсатында әрекет етеді және бірлескен қызметті жүзеге асыруға байланысты шығыстар мен залалдарды бірлесіп көтереді;

в) жұмыс беруші және қызметкер, қызметші болып табылады;

г) қандай да бір тұлға екеуінің де айналысқа шығарылған дауыс беруші акцияларының бес немесе одан да көп пайызын тікелей немесе жанама иеленеді, бақылайды немесе ұстаушысы болып табылады;

д) екеуінің біреуі екіншісін тікелей немесе жанама түрде бақылайды;

е) олардың екеуі де үшінші тұлғаның тікелей немесе жанама бақылауында болады;

ж) олар бірлесіп үшінші тұлғаны тікелей немесе жанама түрде бақылайды;

з) туыстар немесе бір отбасының мүшелері болып табылады.

Бірлескен кәсіпкерлік немесе өзге де қызметте әріптес болып табылатын тұлғалар және бұл ретте олардың бірі басқасының айрықша (жалғыз) агенті, айрықша дистрибьютері немесе айрықша концессионері болып табылған, қалай болғанда да, егер осы тұлғалар көрсетілген шарттардың ең болмағанда біреуіне сәйкес келгенде, осы Келісімнің мақсаттары үшін өзара байланысты болып есептелуі тиіс;

"бірдей тауарлар" - барлық қатынастарда да, оның ішінде физикалық сипаттамалары, сапасы және беделі бойынша бірдей тауарлар. Егер осы тауарлар қалған жағдайларда осы абзацтың талаптарына сәйкес болса, сыртқы түріндегі елеусіз айырмашылықтар тауарларды бірдей деп танымау үшін негіз болып табылмайды. Тауарлар, егер олар бағаланатын (әкелінетін) тауарлар шығарылған елде шығарылмаса немесе егер, осы тауарларға қатысты жобалау, әзірленім, инженерлік, конструкторлық жұмыс, көркемдік безендіру, дизайн, нобайлар және сызбалар мен өзге де ұқсас

жұмыстар кеден одағының бірыңғай кеден аумағында орындалған болса бірдей деп саналмайды. "Шығарылған" ("шығарылды") ұғымы "алынған", "өсірілген", "дайындалған (оның ішінде тауарларды монтаждау, жинау немесе бөлшектеу жолымен)" деген мәндерді қамтиды. Бағаланатын ("әкелінетін") тауарларды өндірушіден өзге тұлға шығарған бірдей тауарлар сол шығарушының бірдей тауарлары анықталмаған, не қолда бар ақпарат пайдалану үшін қолайлы деп саналмаған жағдайда ғана назарға а л ы н а д ы ;

"біртектес тауарлар" - барлық қатынастарда бірдей болып табылмайтын, бірақ ұқсас сипаттары бар және бағаланатын (әкелінетін) тауарлар атқаратын функцияларды орындауға және олармен коммерциялық өзара алмасушылықта болуға мүмкіндік беретін сондай материалдардан шығарылған ұқсас құрамдас бөліктерден тұратын тауарлар. Тауарлар біртектес болып табылатындығын айқындау кезінде сапасы, беделі және тауарлық белгісінің болуы сияқты сипаттамалар ескеріледі. Тауарлар, егер олар бағаланатын (әкелінетін) тауарлар шығарылған елде шығарылмаса немесе егер, осы тауарларға қатысты жобалау, әзірленім, инженерлік конструкторлық жұмыс, көркемдік безендіру, дизайн, нобайлар және сызбалар мен өзге де ұқсас жұмыстар кеден одағының бірыңғай кеден аумағында орындалған болса біртектес болып саналмайды. "Шығарылған" ("шығарылды") ұғымы "алынған", "өсірілген", "дайындалған (оның ішінде тауарларды монтаждау, жинау немесе бөлшектеу жолымен)" деген мәндерді қамтиды. Бағаланатын ("әкелінетін") тауарларды өндірушіден өзге тұлға шығарған біртектес тауарлар сол шығарушының біртектес тауарлары анықталмаған, не қолда бар ақпарат пайдалану үшін қолайлы деп саналмаған жағдайда ғана қарастырылады;

"нақ сол санаттағы немесе түрдегі тауарлар" - бірдей және біртектес тауарларды қоса алғанда, оларды дайындау экономикалық қызметтің тиісті түріне жататын тауарлардың бір тобына немесе қатарына жататын тауарлар;

"тауарлардың кеден одағының бірыңғай кеден аумағына келетін орыны" - тиісті Тарап мемлекетінің тауарлар мемлекеттік шекарадан іс жүзінде кесіп өткеннен кейін жеткізілуі тиіс, Тараптар бекіткен кеден одағының кеден шекарасы арқылы өткізу пункті. Кедендік құнды айқындау мақсаттары үшін осы ұғымды нақтылау кеден одағы органдарының бірлескен шешімдеріне сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін;

"бухгалтерлік есептің жалпы қабылданған қағидаттары" - тиісті уақыт кезеңінде тиісті мемлекетте белгіленген тәртіппен қолданылатын бухгалтерлік есеп ережелерінің ж ү й е с і ;

"үшінші елдер"- 2007 жылғы 6 қазандағы Бірыңғай кеден аумағын құру және кедендік одақты қалыптастыру туралы шарттың қатысушылары болып табылмайтын м е м л е к е т т е р .

2. Егер тұлға осы тұлғаға қатысты шектеулерді немесе ұйғарымдарды заңды немесе тәжірибелік тұрғыдан қолданса, ол басқа тұлғаны бақылайтын болып саналады.

4-бап

1. Олармен жасалған мәміленің құны, яғни кеден одағының бірыңғай кеден аумағына әкету үшін оларды сату кезінде осы тауарлар үшін іс жүзінде төленген немесе төленуге тиіс және осы Келісімнің 5-бабының ережелеріне сәйкес толықтырылған баға, мынадай шарттар орындалған кезде:

1) кеден одағының органдарының бірлескен шешімімен белгіленген;
- тауарлар қайта сатылуы мүмкін географиялық өңірді шектейтін;
- тауарлардың құнына елеулі әсер етпейтін шектеулерді қоспағанда, сатып алушының тауарларды пайдалану немесе иелік ету құқығына қатысты шектеулердің б о л м а у ы ;

2) тауарларды сату немесе олардың бағасы тауарлардың бағасына әсер етпейтін санды анықталмайтын қандай да бір шарттар немесе міндеттерге тәуелді болмауы;

3) тауарларды кейіннен сатудан, сатып алушының өзге де тәсілмен иелік етуінен немесе пайдалануынан кірген кірістің немесе түсімнің ешқандай бөлігі осы Келісімнің 5-бабына сәйкес қосымша есептеулер жүргізілуі мүмкін жағдайларды қоспағанда, сатушыға тікелей немесе жанама есептелмеуі;

4) сатып алушы мен сатушы өзара байланысты адамдар болып табылмауы немесе сатушы мен сатып алушы әкелінетін тауарлармен мәміле құны осы баптың 4-тармағына сәйкес кеден мақсаттары үшін қолайлы болатын түрде өзара байланысты адамдар болып табылуы шартымен кеден одағының бірыңғай кеден аумағына әкелінетін тауарлардың кедендік құны болып табылады.

2. Әкелінетін тауарлар үшін сатып алушы тікелей сатушыға немесе сатушының пайдасына жүзеге асырған немесе жүзеге асыруға жататын барлық төлемдердің жалпы сомасы осы тауарлар үшін іс жүзінде төленген немесе төлеуге жататын баға болып табылады. Бұл ретте, төлемдер тиісті Тарап мемлекетінің заңнамасында тыйым салынбаған кез келген нысанда тікелей немесе жанама түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Сатушы мен сатып алушының арасындағы өзара байланыс фактісі жеке түрде тауарлардың кедендік құнын анықтау мақсаттары үшін қолайлы емес мәміленің құнын тану негізі болып танылмауы тиіс. Бұл жағдайда сатуға ілеспе жағдайлары талдануы тиіс. Көрсетілген өзара байланыс іс жүзінде төленген немесе төлеуге жататын бағаға ықпал етпеген жағдайда, мәміленің құны тауарлардың кедендік құнын айқындау мақсаттары үшін қолайлы деп танылуы тиіс.

Сатушы мен сатып алушы өзара байланысты тұлғалар болған жағдайда және бұл ретте тауарларды декларациялаушы тұлға ұсынған немесе кеден органы өзге тәсілмен алған ақпараттың негізінде сатушы мен сатып алушының өзара байланысы әкелінетін тауарлар үшін іс жүзінде төленген немесе төлеуге жататын бағаға ықпал етсе, онда кеден органы осы белгілер туралы тауарларды декларациялаушы тұлғаға жазбаша хабарлайды. Тауарларды декларациялаушы тұлға іс жүзінде төленген немесе төлеуге жататын бағаға сатушы мен сатып алушының өзара байланысы ықпалының жоқ екендігін дәлелдеуі тиіс.

4. Осы баптың 3-тармағының екінші абзацында көрсетілген жағдайларда өзара байланысты тұлғалардың арасында тауарларды сату кезінде әкелінетін тауарлармен мәміленің құны қабылданады және егер, тауарларды декларациялаушы тұлға әкелінетін тауарлармен мәміле құны әкелінетін тауарлар кеден одағының кедендік шекарасын кесіп өткен немесе оған тиісті уақыт кезеңінде мынадай тексеру шамаларының біріне жақын екендігін дәлелдеген жағдайда ғана тауарлардың кедендік құны осы баптың 1-тармағына сәйкес айқындалады:

1) сатушымен өзара байланысты емес болып табылатын тұлғалар бірыңғай кеден одағының кедендік аумағына әкету үшін мұндай тауарларды сатып алушыларға сатқан кезде бірдей немесе біртектес тауарлармен мәміленің құны;

2) осы Келісімнің 8-бабының шарттарына сәйкес айқындалған бірдей немесе біртектес тауарлардың кедендік құны;

3) осы Келісімнің 9-бабына сәйкес айқындалған бірдей немесе біртектес тауарлардың кедендік құны.

5. Осы баптың 4-тармағына сәйкес салыстыру жүргізу кезінде тауарларды декларациялаушы тұлға ұсынған сатудың коммерциялық деңгейлеріндегі, тауарлардың мөлшеріндегі, осы Келісімнің 5-бабында көрсетілген қосымша есептеулердегі айырмашылықтар туралы, сондай-ақ егер, сатушы мен сатып алушы өзара байланысты тұлғалар болып табылғанда сатушы сату кезінде көтеретін шығыстармен салыстырғанда сатушы мен сатып алушы өзара байланысты тұлғалар болып табылмағанда сатушы әдетте сату кезінде көтеретін шығыстардың айырмашылықтары туралы мәліметтер ескеріледі.

6. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген тексеру шамалар тауарларды декларациялаушы тұлғаның бастамасы бойынша тек салыстыру мақсатында пайдаланылады және тауарлардың кедендік құнын айқындау үшін негіз ретінде пайдаланыла алмайды.

7. Әкелінген тауарлар үшін іс жүзінде төленген немесе төлеуге жататын баға, кеден одағының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты болады, осыған байланысты егер олар әкелінетін тауарлармен байланысты болмаған жағдайда, сатып алушының сатушыға дивиденттерді немесе өзге де осындай төлемдерді аударуы кеден құнының бөлігі болып табылмайды.

5-бап

1. Әкелінетін тауарлардың кедендік құнын олармен мәміленің құны бойынша айқындау кезінде осы тауарлар үшін іс жүзінде төленген немесе төленуге жататын бағаға:

1) сатып алушы жүзеге асырған немесе жүзеге асыруға жататын, бірақ әкелінетін тауарлар үшін іс жүзінде төленген немесе төлеуге жататын бағаға қосылмаған мөлшердегі мынадай шығыстар:

а) бағаланатын (әкелінетін) тауарларды сатып алуға байланысты оны шет елде

ұсыну бойынша қызметтерді көрсеткені үшін сатып алушы өз агентіне (делдалға) төлейтін сатып алу үшін сыйақыны қоспағанда делдалдарға (агенттерге) сыйақылар және брокерлерге сыйақылар;

б) егер, ол кеден мақсаттары үшін әкелінетін тауарлармен біртұтас ретінде қарастырылатын болса, ыдысқа арналған шығыстар;

в) орама материалдарының және орау жөніндегі жұмыстардың құнын қоса алғанда, орау бойынша шығыстар;

2) әкелінетін тауарлар үшін іс жүзінде төленген немесе төленуге жататын бағаға қосылмаған мөлшерде, сатып алушы сатушыға бағаланатын (әкелінетін) тауарларды кеден одағының бірыңғай кеден аумағына әкету үшін өндіруге және сатуға байланысты пайдалану үшін тегін немесе төмендетілген баға бойынша тікелей немесе жанама ұсынылған мынадай тауарлар мен қызмет көрсетулердің тиісті түрде бөлінген:

а) әкелінетін тауарлар олардан тұратын шикізаттардың, материалдардың, бөлшектердің, жартылай фабрикаттардың және ұқсас заттардың құны;

б) әкелінетін тауарларды өндіру кезінде пайдаланылған аспаптар, мөртаңбалар, нысандар және басқа да ұқсас заттар;

в) әкелінетін тауарларды өндіру кезінде шығындалған материалдар;

г) кеден одағының бірыңғай кеден аумағынан тыс жерлерде орындалған және әкелінетін тауарларды өндіру үшін қажетті жобалау, әзірленім, инженерлік, конструкторлық жұмыс, көркемдік безендіру, дизайн, эскиздер мен сызбалар;

3) әкелінетін тауарларды кейіннен сатудың, өзге де тәсілмен иелік етудің немесе пайдаланудың нәтижесінде алынған, сатушыға тікелей немесе жанама түрде тиесілі кірістің немесе түсімнің бөлігі;

4) тауарларды әуежайға, теңіз портына немесе тауарлардың кеден одағының бірыңғай кеден аумағына баратын өзге орынға дейін өткізу (тасымалдау) жөніндегі шығыстар;

5) тауарларды тиеу, түсіру немесе қайта тиеу және оларды әуежайға, теңіз портына немесе тауарлардың кеден одағының бірыңғай кедендік аумағына баратын өзге орнына дейін өткізуге (тасымалдауға) байланысты өзге де операцияларды жүргізу жөніндегі шығыстар;

б) осы баптың 1-тармағының 4 және 5-тармақшаларында көрсетілген операцияларға байланысты сақтандыруға арналған шығыстар қосылмау тиіс;

7) осы тауарлар үшін іс жүзінде төленген немесе төлеуге жататын бағаға қосылмаған мөлшерде, бағаланатын (әкелінетін) тауарларға жататын және бағаланатын тауарларды сату шарты ретінде сатып алушы тікелей немесе жанама жүргізген немесе жүргізуге тиіс зияткерлік меншік объектілерін пайдаланғаны үшін лицензиялық және өзге де ұқсас төлемдер (патенттер, тауар белгілері, авторлық құқықтар үшін төлемдерді қоса алғанда) қосылады.

Әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау кезінде іс жүзінде төленген

немесе төлеуге жататын бағаға:

а) әкелінетін тауарларды кеден одағының бірыңғай кеден аумағына қайта өндіру (көбейту) құқығы үшін төлемдер;

б) егер, осындай төлемдер әкелінетін тауарларды кеден одағының бірыңғай кеден аумағына әкету үшін сату шарты болып табылмаса, әкелінетін тауарларды бөлу немесе сату құқығы үшін төлемдер қосылмау тиіс.

2. Бағаланатын (әкелінетін) тауарлардың кедендік құнына олар іс жүзінде төленген немесе төлеуге жататын бағалардан бөлінген, тауарларды декларациялаушы тұлға мәлімдеген және ол құжатпен расталған шартымен, төменде санамаланған шығыстарды қамтымау тиіс:

- кеден одағының бірыңғай кеден аумағына тауарлар келгеннен кейін жүргізілген құрылысқа, салуға, жинақтауға, монтаждауға, өнеркәсіптік қондырғылар, машиналар немесе құрал-жабдықтар сияқты бағаланатын (әкелінетін) тауарларға қатысты қызмет көрсетуге немесе техникалық көмек көрсетуге арналған шығыстар;

- олар кеден одағының бірыңғай кеден аумағына келгеннен кейін жүзеге асырылатын тауарларды өткізу (тасымалдау) бойынша шығыстар;

- бағаланатын (әкелінетін) тауарларды әкелуге немесе сатуға байланысты кеден одағының бірыңғай кеден аумағында төленетін баждар, салықтар мен алымдар.

3. Осы баптың 1-тармағында көзделген әкелінетін тауарлар үшін іс жүзінде төленген немесе төленуге жататын бағаға қосулар (қосымша есептеулер) дұрыс, сандық айқындалған және құжатпен расталған ақпараттың негізінде жүргізіледі. Осындай қосымша есептеулер үшін қажетті ақпарат болмаған кезде әкелінетін тауарлармен мәміленің құны бойынша әдіс қолданылмайды.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілгендерден басқа, әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау кезінде іс жүзінде төленген немесе төленуге жататын бағаға қосулар жүргізілмейді.

5. Іс жүзінде төленген немесе төленуге жататын бағаға қосуларды жүзеге асырған кезінде:

а) осы баптың 1-тармағының 2 "б" тармақшасында көрсетілген, бағаланатын тауарларды өндіру кезінде пайдаланылған заттардың құнын бөлу барлық осы құнды тауарлардың бірінші легінің кедендік құнына немесе декларацияланатын тауарлардың мөлшерінен кем болмайтын тауарларды декларациялаушы тұлға айқындаған өзге де тауарлар мөлшерінің кедендік құнына жатқызу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Осындай бөлу тауарларды декларациялаушы тұлғада бар құжаттарға тәуелді және бухгалтерлік есептің жалпы қабылданған қағидаттарына сәйкес нақты жағдайларға қолданылатын ақылға қонымды тәсілмен жүргізілуге тиіс.

Бұл ретте, егер сатып алушы заттарды сатып алушымен өзара байланысты тұлға болып табылмайтын сатушыдан сатып алса, оларды сатып алу жөніндегі шығыстар, не егер заттарды сатып алушы өндірсе, оларды дайындау жөніндегі шығыстар көрсетілген

заттардың құны деп танылады. Сатып алушы көрсетілген заттарды сатып алғандығына немесе өндіргендігіне қарамастан бұрын оларды пайдаланған жағдайда, сатып алу немесе өндірістің бастапқы бағасы оларды пайдалануды есепке ала отырып осы заттардың құнын алу (айқындау) үшін төмендетуге жатады;

б) сатып алушы ұсынған және сатып алушы сатып алған немесе жалға алған осы баптың 1-тармағының 2 "г" тармақшасында көрсетілген тауарлар мен қызмет көрсетулерге қатысты элементтерге қатысты қосулар егер сатып алушы қоғамдық иеліктегі, яғни мемлекеттік немесе муниципалды меншікте тұрған тауарлар мен қызмет көрсетулерді ұсынса осындай тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатып алуға немесе жалға алуға арналған шығыстар бөлігінде жүргізіледі, қосымша есептеулер олардың көшірмесін алуға арналған құнның (шығындардың) бөлігінде жүргізіледі.

Осы баптың 1-тармағының 2-тармақшасына сәйкес қосымша есептеулер жүргізілген кезде тауарлардың (заттардың) тікелей құнынан басқа, оларды сатушыға (қайтаруды қоса алғанда, егер мұндай көзделген болса) ұсынуға (жеткізуге) байланысты барлық шығыстар ескеріледі.

6-бап

1. Егер кеден одағының бірыңғай кедендік аумағына әкелінетін тауарлардың кедендік құны осы Келісімнің 4-бабына сәйкес айқындала алмайтын жағдайда, кеден одағының бірыңғай кеден аумағына әкету үшін сатылған және бағаланатын (әкелінетін) тауарлар әкелінетін уақытта немесе оған сәйкес кезеңде немесе бағаланатын (әкелінетін) тауарлар әкелінгенге дейін 90 күнтізбелік күннен бұрын емес, кеден одағының бірыңғай кедендік аумағына әкелінген бірдей тауарлармен мәміленің құны, осындай тауарлардың кедендік құны болып табылады.

Бағаланатын (әкелінетін) тауарлардың кедендік құнын айқындау үшін осы баптың негізінде бағаланатын (әкелінетін) тауарлар сияқты коммерциялық деңгейде және мәні бойынша сол мөлшерде сатылған бірдей тауарлармен мәміле құны пайдаланылуға тиіс. Егер мұндай сату анықталмаса, сол коммерциялық деңгейде бірақ өзге мөлшерде сатылған бірдей тауарлармен мәміле құны пайдаланылады. Егер осындай сатулар анықталмаған жағдайда, өзге коммерциялық деңгейде, бірақ сол мөлшерде сатылған бірдей тауарлармен мәміле құны пайдаланылады. Егер осындай сатулар анықталмаса, өзге коммерциялық деңгейде және өзге мөлшерде сатылған бірдей тауарлармен мәміле құны пайдаланылады. Осы абзацта көрсетілген ақпарат сатудың коммерциялық деңгейіндегі және (немесе) тауарлар мөлшеріндегі айырмашылықтарды ескере отырып, құнды тиісті түзетуді жүргізумен қолданылады.

Осындай түзету бірдей тауарлармен мәміле құнын өсіруге немесе азайтуға әкелетіндігіне қарамастан түзетудің негізділігі мен дәлдігі құжатпен расталған мәліметтердің негізінде жүргізіледі. Осындай мәліметтер болмаған кезде бірдей тауарлармен мәміле құны жөніндегі әдіс кедендік құнды айқындау мақсаттары үшін п а й д а л а н ы л м а й д ы .

2. Бағаланатын (әкелінетін) тауарлардың кедендік құнын осы бапқа сәйкес айқындау кезінде қажет болған кезде бағаланатын және бірдей тауарларға қатысты осы Келісімнің 5-бабы 1-тармағының 4 - 6 тармақшаларында көрсетілген, оларды өткізу (тасымалдау) қашықтықтарындағы және көлік түрлеріндегі айырмашылықтарға байланысты шығыстардағы елеулі айырмашылықты есептеу үшін бірдей тауарлармен мәміле құнына түзету жүргізіледі.

3. Егер бірдей тауарлармен бірден артық мәміле құны анықталған жағдайда (осы баптың 1, 2-тармақтарына сәйкес тиісті түзетулерді ескере отырып), бағаланатын (әкелінетін) тауарлардың кедендік құнын айқындау үшін олардың ішіндегі ең төменгісі қолданылады.

7-бап

1. Егер кеден одағының бірыңғай кеден аумағына әкелінетін тауарлардың кедендік құны осы Келісімнің 4 және 6-баптарына сәйкес айқындала алмайтын жағдайда, кеден одағының бірыңғай кеден аумағына әкету үшін сатылған және әкелінетін тауарлар әкелінетін уақытта немесе оған сәйкес кезеңде, бағаланатын (әкелінетін) тауарлар әкелінгенге дейін 90 күнтізбелік күннен бұрын емес кеден одағының бірыңғай кеден аумағына әкелінген біртектес тауарлармен мәміленің құны, осындай тауарлардың кедендік құны болып табылады.

Осы бапқа сәйкес бағаланатын (әкелінетін) тауарлардың кедендік құнын айқындау үшін бағаланатын (әкелінетін) тауарлар сияқты коммерциялық деңгейде және мәні бойынша сол мөлшерде сатылған біртектес тауарлармен мәміле құны пайдаланылу тиіс. Егер осындай сатулар анықталған жағдайда, сол коммерциялық деңгейде, бірақ өзге мөлшерде сатылған біртектес тауарлармен мәміле құны пайдаланылады. Егер осындай сатулар анықталған жағдайда, өзге коммерциялық деңгейде, бірақ сол мөлшерде сатылған біртектес тауарлармен мәміле құны пайдаланылады. Егер осындай сатулар анықталған жағдайда, өзге коммерциялық деңгейде және өзге мөлшерде сатылған біртектес тауарлармен мәміле құны пайдаланылады. Осы абзацта көрсетілген ақпарат сатудың коммерциялық деңгейіндегі және (немесе) тауарлар мөлшеріндегі айырмашылықтарды ескере отырып, құнға тиісті түзету жүргізумен қолданылады.

Осындай түзету ол біртектес тауарлармен мәміле құнын өсіруге немесе азайтуға әкелетіндігіне қарамастан, түзетудің негізділігі мен дәлдігін құжатпен расталған мәліметтердің негізінде жүргізіледі. Осындай мәліметтер болмаған кезде біртектес тауарлармен мәміле құны жөніндегі әдіс кедендік құнды айқындау мақсаттары үшін пайдаланылмайды.

2. Бағаланатын (әкелінетін) тауарлардың кедендік құнын осы бапқа сәйкес айқындау кезінде қажет болған кезде бағаланатын және біртектес тауарларға қатысты осы Келісімнің 5-бабы 1-тармағының 4-6 тармақшаларында көрсетілген, оларды өткізу (тасымалдау) қашықтықтарындағы және көлік түрлеріндегі айырмашылықтарға байланысты шығыстардағы елеулі айырмашылықты есептеу үшін біртектес

тауарлармен мәміле құнына түзету жүргізіледі.

3. Егер біртектес тауарлармен бірден артық мәміле құны анықталған жағдайда (осы баптың 2-3 тармақтарына сәйкес тиісті түзетулерді ескере отырып), онда бағаланатын тауарлардың кедендік құнын айқындау үшін олардың ішіндегі ең төменгісі қолданылады.

8-бап

1. Егер бағаланатын (әкелінетін) тауарлардың кедендік құны осы Келісімнің 4, 6 және 7-баптарына сәйкес айқындала алмаса, тауарларды декларациялаушы тұлғаның өтініші бойынша 8 және 9-баптарды қолдану тәртібі кері болған жағдайларды қоспағанда, олардың кедендік құны осы бапқа сәйкес айқындалады.

2. Бағаланатын (әкелінетін) тауарлар, не олармен бірдей немесе біртектес тауарлар олар кеден одағының бірыңғай кеден аумағына әкелінген жай-күйде кеден одағының бірыңғай кеден аумағында сатылған жағдайда, бағаланатын (әкелінетін) тауарлардың кедендік құнын айқындау үшін негіз ретінде бағаланатын (әкелінетін) не бірдей немесе біртектес тауарлардың ең үлкен жиынтық мөлшері бағаланатын (әкелінетін) тауарлар кеден одағының кеден шекарасынан өтетін кеден одағының бірыңғай кеден аумағында сол немесе соған сәйкес уақыт кезеңінде осындай сатуды жүзеге асыратын тұлғалармен өзара байланыста болмайтын тұлғаларға сатылатын тауар бірлігінің бағасы, мынадай сомаларды есептемеу шартымен әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау үшін негіз ретінде қолданылады:

1) әдетте төленетін немесе төленуге жататын делдалға (агентке) сыйақылар, не пайда табу және әдетте кеден одағының бірыңғай кеден аумағында сол санаттың немесе түрдің тауарларын сатуға байланысты орын алатын мөлшердегі коммерциялық және басқарушылық шығыстарды жабу үшін бағаға үстемеақы;

2) кеден одағының бірыңғай кеден аумағында жүзеге асырылған өткізуге (тасымалдауға), сақтандыруға арналған әдеттегі шығыстар және осындай операциялармен байланысты өзге де шығыстар;

3) тиісті Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес қолданылатын кеден баждары, салықтары, алымдары, осы Тарап мемлекеті субъектілерінің салықтары мен алымдарын және жергілікті салықтар мен алымдарды қоса алғанда осы Тарап мемлекетінің аумағында тауарларды әкелуге және (немесе) сатуға байланысты төлеуге жататын өзге де салықтар.

3. Егер, бағаланатын (әкелінетін) да, бірдей де, біртектес те тауарлар бағаланатын тауарлар осы кеден одағының кедендік шекарасын кесіп өткен немесе оған тиісті уақыт кезеңде кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында сатылмаса, мұндай тауарлардың кедендік құны ол бойынша бағаланатын (әкелінетін) немесе бағаланатындармен (әкелінетіндермен) бірдей немесе бағаланатындармен (әкелінетіндермен) біртектес тауарлар кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында мұндай тауардың бірлігі үшін баға белгілеу үшін жеткілікті мөлшерде, бағаланатын (әкелінетін) тауарлар кеден

одағының бірыңғай кедендік аумағында келген күнге қатынасы бойынша олар әкелінген ең бірінші күндегі, бірақ осы күннен кейін 90 күн өткеннен кешіктірмей олар әкелінген кездегі жағдайда сатылатын тауар бірлігі бағасының негізінде айқындалады.

4. Егер, бағаланатын (әкелінетін) да, бірдей де, біртектес те тауарлар бағаланатын тауарлар осы кеден одағының кеден аумағына әкелінген жай-күйде кеден одағының бірыңғай кеден аумағында сатылмаған жағдайда, тауарларды декларациялайтын тұлғаның өтініші бойынша бағаланатын (әкелінетін) тауарлардың кедендік құны олардың ең көп жиынтық мөлшері қайта өңдеуден (өңдеуден) кейін олар осы тауарларды сатып алатын адамдармен өзара байланысты болып табылмайтын адамдарға кеден одағының бірыңғай кеден аумағында сатылатын баға негізінде, қайта өңдеу (өңдеу) нәтижесінде қосылған құнды және осы баптың 2-тармағының 1-3 тармақшаларында көзделген сомаларды алып тастау шарты орындалған кезде а й қ ы н д а л а д ы .

Қайта өңдеу (өңдеу) нәтижесінде қосылған құнды шегеру қайта өңдеу (өңдеу) құнына жататын, дұрыс, санды айқындалатын және құжатпен расталған мәліметтердің негізінде жүргізіледі.

5 . Е г е р :

тауарлар өзінің жеке белгілерін жоғалтқандығына қарамастан қайта өңдеуге (өңдеуге) байланысты құнның шамасы нақты айқындала алатын жағдайларды қоспағанда, бағаланатын (әкелінетін) тауарлар кейіннен қайта өңдеу (өңдеу) нәтижесінде қосылған өзінің жеке белгілерін жоғалтса;

бағаланатын (әкелінетін) тауарлар өзінің жеке белгілерін жоғалтпайды, бірақ кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында сатылатын бағаланатын (әкелінетін) тауарлардың құны сатылатын тауарлардың құнына елеулі ықпал көрсетпейтін тауарлардың елеусіз бөлігін құраса кедендік құнды айқындау үшін осы баптың 4-тармағының ережелері пайдаланылмайды.

Осы баптың 4-тармағын қолдану мүмкіндігі әрбір жеке жағдайда нақты жай-күйлерге байланысты айқындалады.

6. Бағаланатын (әкелінетін), не бірдей немесе біртектес тауарлардың кеден одағының бірыңғай кеден аумағына сатылуын қарастырған кезде бағаланатын (әкелінетін) тауарларды кеден одағының бірыңғай кеден аумағына әкету үшін өндіруге және жеткізуге байланысты тікелей немесе жанама түрде, тегін немесе төмендетілген баға бойынша осы Келісімнің 5-бабы 1-тармағының 2-тармақшасында көрсетілген тауарлар мен қызмет көрсетулерді пайдалану үшін ұсынатын тұлғаға сату есепке а л ы н б а у ғ а т и і с .

7. Осы баптың мақсаттары үшін пайда мен коммерциялық және басқарушылық шығыстар (тауарларды сату бойынша тікелей және жанама шығыстар) сомасы осы шығыстарды жабатын, сондай-ақ сол санаттың немесе түрдің бағаланған (әкелінген) тауарларын сатуға байланысты пайда алуды қамтамасыз ететін тауардың бағасына

үстеме ақы ретінде қаралады.

Пайда мен коммерциялық және басқарушылық шығыстар сомасы тұтастай ескеріледі және ол ұсынған деректер тиісті Тарап мемлекетінде сатулар кезінде орын алатын сол санаттағы және түрдегі тауарлар деректерімен салыстырылатын болса тауарларды декларациялайтын тұлғада бар ақпарат негізінде айқындалады. Егер осы мәліметтер кеден органының иелігінде бар қарапайым түсім және коммерциялық пен басқарушылық шығыстар туралы мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда, сол санаттағы немесе түрдегі тауарларды сату кезінде кеден одағының бірыңғай кеден аумағына шығару үшін кеден органы қарапайым түсім мен жалпы шығыстардың сомасын онда бар мәліметтердің негізінде айқындай алады.

Егер кеден органы пайда мен коммерциялық және басқарушылық шығыстардың сомасын өзінде бар деректердің негізінде айқындаған жағдайда, ол осындай деректердің көзін, сондай-ақ олардың негізінде жүргізілген есептерді жазбаша түрде көрсетуге міндетті.

8. Осы баптың мақсаттары үшін бағаланатын (әкелінетін) тауарлар сияқты сол елден әкелінген сол санаттың немесе түрдің тауарларын сату туралы, сондай-ақ басқа елдерден шығарылған тауарлар туралы мәліметтер пайдаланылуы мүмкін. Бағаланатын (әкелінетін) тауарлар және олармен салыстырылатын тауарлар сол санаттағы немесе түрдегі тауарлар болып табылатындығы туралы мәселе тиісті мән-жайларды есептей отырып, әр нақты жағдайда жеке шешілу тиіс. Бұл ретте кеден одағының бірыңғай кедендік аумағына әкелінген одан әрі жіңішке топтың немесе сол санаттағы немесе түрдегі тауарлардың қатарын, оларға қатысты ақпараттар ұсынылатын тауарларды қосқанда бағаланатын (әкелінетін) сатулар қарастырылады.

9-бап

1. Тауарлардың кедендік құнын осы бапқа сәйкес айқындау кезінде негіз ретінде:

1) материалдарды дайындау немесе сатып алу бойынша шығыстарды және өндіріске арналған, сондай-ақ бағаланатын (әкелінетін) тауарлардың өндірісіне байланысты өзге де операцияларға арналған шығыстарды;

2) кеден одағының бірыңғай кеден аумағына әкету үшін экспорт елінде шығарылатын бағаланатын (әкелінетін) тауарлар сияқты санаттың немесе түрдің тауарларын сату кезінде әдетте ескерілетін мөлшерге баламалы пайда және коммерциялық және басқарушылық шығыстардың сомасын;

3) осы Келісімнің 5-бабы 1-тармағының 4-6 тармақшаларында көрсетілген шығыстарды қосу жолымен айқындалатын тауарлардың есептік құны қолданылады.

2. Осы баптың 1-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген шығыстар өндіруші немесе оның атынан ұсынылған және өндірушінің коммерциялық құжаттарымен расталған, осындай құжаттар тауарлар өндірілген елде қолданылатын бухгалтерлік есептің жалпы қабылданған қағидаттарына сәйкес келген жағдайда бағаланатын (әкелінетін) тауарлардың өндірісі туралы мәліметтердің негізінде айқындалады.

3. Осы баптың 1-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген шығыстар осы Келісімнің 5-бабы 1-тармағының 1 "б" және 1 "в" тармақшаларында көрсетілген шығыстарды және осы Келісімнің 5-бабының 5-тармағына сәйкес бөлінген әкелінетін тауарлардың өндірісіне байланысты пайдалану үшін сатып алушы тікелей немесе жанама түрде ұсынған осы Келісімнің 5-бабы 1-тармағының 2-тармақшасында көрсетілген әр заттың құнын қамтуы тиіс. Осы Келісімнің 5-бабы 1-тармағының 2 "г" тармақшасында көрсетілген, кеден одағының бірыңғай кеден аумағында өндірілген заттардың құны осы тауарлар мен қызмет көрсетулерге өндіруші төлеген дәрежеде ғана қосылу тиіс. Бұл ретте, есептік құнды айқындау кезінде шығыстар қайта ескерілмеуі т и і с .

Коммерциялық және басқарушылық шығыстар ретінде осы баптың 1-тармағының 1-тармақшасында көрсетілмеген өндірістің және тауарларды кеден одағының бірыңғай кеден аумағына әкету үшін сатудың тікелей және жанама шығындары ескерілуі тиіс.

4. Пайда мен коммерциялық және басқарушылық шығыстар сомасы жалпы ескеріледі және өндіруші немесе оның атынан ұсынған мәліметтердің негізінде айқындалады. Егер бұл мәліметтер кеден одағының бірыңғай кедендік аумағына әкету үшін сол санаттың және түрдің тауарларын сату кезіндегі әдеттегі пайда, коммерциялық және басқарушылық шығыстар туралы мәліметтер кеден органының иелігіндегі мәліметтерге сәйкес келмесе, кеден органы әдеттегі пайда және жалпы шығыстар сомасын өзінде бар мәліметтердің негізінде айқындай алады.

Егер кеден органы пайда, коммерциялық және басқарушылық шығыстардың сомасын өзінде бар деректердің негізінде айқындайтын жағдайда, ол осындай деректердің көзін, сондай-ақ олардың негізінде жүргізілген есептерді жазбаша түрде к ө р с е т у г е м і н д е т т і .

5. Осы баптың мақсаттары үшін бағаланатын (әкелінетін) тауарлар сол мемлекетте шығарылған сол санаттың немесе түрдің тауарларын сату туралы мәліметтер пайдаланылады. Бағаланатын (әкелінетін) тауарлар және олармен салыстырылатын тауарлар сол санаттағы немесе түрдегі тауарлар болып табылатындығы туралы мәселе тиісті мән-жайларды есептегенде, әр нақты жағдайда жеке шешілу тиіс. Бұл ретте кеден одағының бірыңғай кедендік аумағына әкету үшін одан әрі жіңішке топтың немесе сол санаттағы немесе түрдегі тауарлардың қатарын, оларға қатысты ақпараттар ұсынылатын бағаланатын (әкелінетін) тауарларды қосқанда сатулар қарастырылады.

6. Кеден органдары Тараптар мемлекеттерінің резиденті болып табылмайтын қандай да бір тұлғадан бағаланатын (әкелінетін) тауарларды шығару және сату туралы құжаттарды және оның коммерциялық құжаттарындағы мәліметтерді ұсынуды талап етуге құқылы емес. Алайда, осы баптың ережелеріне сәйкес олардың кедендік құнды айқындау мақсаттары үшін басқа елде Тарап мемлекетінің уәкілетті органдары тауар өндіруші ұсынған ақпаратты өндірушінің келісімімен тексеруі мүмкін. Шетел өндірушісі немесе оның атынан ұсынылған құжаттар мен мәліметтерді тексеруді Тарап

мемлекетінің қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға және халықаралық құқықтың жалпы қабылданған қағидаттары мен нормаларына сәйкес кеден органдары жүргізеді.

10-бап

1. Егер тауарлардың кедендік құнын осы Келісімнің 4,6 - 9-баптарына сәйкес айқындау мүмкін болмаған жағдайда, бағаланатын (әкелінетін) тауарлардың кедендік құны кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында бар деректердің негізінде, осы Келісімнің қағидаттары мен ережелерімен үйлесімді әдістерді пайдалану жолымен айқындалады.

2. Осы бапқа сәйкес пайдаланылатын кедендік құнды айқындау әдістері осы Келісімнің 4, 6 - 9-баптарында көзделгендермен бірдей болып табылады, алайда осы бапқа сәйкес кедендік құнды айқындау кезінде оларды қолдану кезінде икемділікке жол беріледі. Жекелеп алғанда, мыналарға жол беріледі:

бағаланатын (әкелінетін) тауарлардың кедендік құнын айқындау үшін негіз ретінде бағаланатын (әкелінетін) тауарлар өндірілген елден өзге елде өндірілген бірдей немесе біртектес тауарлармен мәміленің құны қабылдануы мүмкін;

бірдей немесе біртектес тауарлармен мәміленің құны негізінде бағаланатын (әкелінетін) тауарлардың кедендік құнын айқындау кезінде бірдей немесе біртектес тауарларды кеден одағының бірыңғай кеден аумағына әкету үшін және бағаланатын (әкелінетін) тауарлар кеден одағының бірыңғай кеден аумағына әкелінетін бір кезеңде, бірақ бағаланатын (әкелінетін) тауарлар әкелінгенге дейін 90 күннен бұрын емес сатылуы тиіс деген осы Келісімнің 6 немесе 7-баптарында белгіленген талаптардан ақылға қонымды ауытқушылықтарға жол беріледі;

бағаланатын (әкелінетін) тауарлардың кедендік құнын айқындау үшін негіз ретінде осы Келісімнің 8 және 9-баптарына сәйкес айқындалған олармен бірдей немесе біртектес тауарлардың кедендік құны қабылдануы мүмкін;

бағаланатын (әкелінетін) тауарлардың кедендік құнын осы Келісімнің 8-бабына сәйкес әдістің негізінде айқындау кезінде осы Келісімнің 8-бабының 3-тармағында белгіленген 90 күн мерзімінен ауытқуға жол беріледі.

3. Осы баптың ережелеріне сәйкес айқындалған бағаланатын (әкелінетін) тауарлардың кедендік құны барынша мүмкін дәрежеде бұрын айқындалған кедендік құндарға негізделуі тиіс.

4. Тауарлардың кедендік құны осы бапқа сәйкес мыналардың негізінде айқындалады:

1) кеден одағының бірыңғай кеден аумағында өндірілген кеден одағының ішкі рыногындағы тауарлар бағасы;

2) кедендік мақсаттар үшін неғұрлым екі балама құннан жоғарғысын қабылдауды көздейтін жүйе;

3) әкету елінің ішкі рыногындағы тауарлар бағасы;

- 4) осы Келісімнің 9-бабына сәйкес бірдей немесе біртектес тауарлар үшін айқындалған есептік құнға қосылған шығыстардан өзге де шығыстар;
- 5) оларды үшінші елге әкетуші елден жеткізілетін тауарлардың бағалары;
- 6) ең аз кедендік құн;
- 7) еркін немесе жасанды құн.

Осы бапты кеден органы қолданған жағдайда, онда кеден органы пайдаланған деректер көзін, сондай-ақ олардың негізінде жүргізілген егжей-тегжейлі есепті жазбаша көрсетуге міндетті.

11-бап

Бағаланатын (әкелінетін) тауарлардың кедендік құнын айқындау кезінде осы кедендік құнға қатысты шешімді кейінге қалдыру қажеттілігі туындаса тауарларды декларациялайтын тұлға оларға кеден одағының заңнамасына сәйкес осындай тауарларға салынатын кедендік төлемдердің төленуін қамтамасыз ететін, жеткілікті кепілдікті оларға қажеттілік болған жағдайда ұсынған кезде бағаланатын (әкелінетін) тауарларды алуға құқығы болуы тиіс.

12-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасында осы Келісімде пайдаланылатын тиісті ұғымдарға ұқсас ұғымдарды қолдануға құқылы.

13-бап

Осы Келісімнің ережелерін қолдануға немесе талқылауға байланысты даулар Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер жолымен шешіледі, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың сотына қарастыруға беріледі.

Осы Келісімге Тараптардың келісімі бойынша жеке хаттамалармен ресімделенетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

14-бап

Осы Келісімнің күшіне ену, оған қосылу және одан шығу тәртібі 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын қалыптастыруға бағытталған халықаралық шарттардың күшіне ену, олардан шығу және оларға қосылу туралы хаттамасымен ресімделеді.

2008 жылғы 25 қаңтарда Мәскеу қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің түпнұсқа данасы осы келісімнің депозитаріі болып болып табылатын, әр тарапқа оның расталған көшірмесін жіберетін Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетінде сақталады.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Ресей</i>
<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК